

Қаратал ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 23 қантардағы N 21 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2012 жылды 10 ақпанда N 2-12-186 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 300 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 13.09.2016 № 300 қаулысымен.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Алматы облысы Қаратал аудандық әкімдігінің 11.03.2013 N 65 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік құқығына қарамастан, Қаратал ауданының ұйымдары мен мекемелерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарында квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Қаратал аудандық әкімдігінің 11.03.2013 N 65 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

Қаратал аудандық жұмыспен

C. Дүйсембінов

*камту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастығы*

C. Аманdosов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК